

Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№24 (10 279)

20 маусым

жұма

2025 жыл

aksuoniri@mail.ru

АҚОРДА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ПРЕЗИДЕНТ ЕКІНШІ "ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – ҚЫТАЙ" САММИТІНЕ ҚАТЫСТЫ



– Еуропа мен Азияның ірі өңірлерін жалғауда Орталық Азия басты логистикалық хабқа айналып келеді. Былтыр Қытайдан Орталық Азия елдері арқылы тасымалданған жүк көлемі 12 пайызға артып, 211 мың контейнерден асты. Қытайдан Еуропаға құрлық жолдарымен жөнелтілетін жүктің 85 пайызы Қазақстанға тиесілі. Біз құрлықаралық байланысты күшейтуге және Орталық Азия аймағының бәсекелестік артықшылығын барынша пайдалануға ерекше мән береміз. Қазақстан «Бір белдеу, бір жол» мегажобасының алғашқы буыны ретінде бұл бастаманы «Батыс Қытай – Батыс Еуропа», Транскаспий халықаралық көлік дәлізі және «Солтүстік – Оңтүстік» секілді маңызды транзиттік бағыттармен ұштастыруды көздейді. Транскаспий бағытының тартымдылығын арттыру үшін Каспий теңізіндегі айлақтарды жаңғырту және цифрландыру, жүк терминалдарын салу, сондай-ақ, жүк кемелері өндірісін жолға қою бойынша жүйелі шаралар қабылдап жатырмыз. Осы орайда Қытай тарапына Каспийдегі «Құрық» портында жүк терминалын бірігіп салуды ұсынамыз,

– деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев энергетика саласындағы ықпалдастықты өңірдің орнықты дамуына әсер ететін ең басты факторлардың бірі ретінде атады.

– Біз озық технологиялар алмасуға және энергетика инфрақұрылымдарын жаңғыртуға ниеттіміз. Сондай-ақ, аймақтың энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға, технологиялық тұрғыдан ілгерілеуге және қуат көздерін әртараптандыруға мән берген жөн. Қытай Халық Республикасының ядролық энергетиканы дамытудағы бай және табысты тәжірибесін ескере отырып, аталған стратегиялық салада орнықты ынтымақтастық орнатуға мүдделіміз. Жуық арада келісімге қол қоюға дайындаламыз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің «Тағдыры ортақ көршілес елдер қоғамдастығын» құру бастамасына жоғары баға берді. Оның пікірінше, бұл тең құқылы серіктестік, ортақ игілік пен өзара құрмет қағидаларына толық сай келеді. Мемлекет басшысы аталған ұстанымдар бүгінгі Саммит қорытындысы

бойынша қол қойылатын «Мәңгі тату көршілік, достық пен ынтымақтастық туралы шартта» көрініс табатынына сенім білдірді.

Президенттің айтуынша, Қазақстан Орталық Азияның бейбітшілік, орнықты қауіпсіздік пен өнімді ықпалдастық мекені болғанын қалайды. Еліміз діни экстремизммен, терроризммен, сепаратизммен, есірткі тасымалдаумен, заңсыз қару-жарақ саудасымен, рұқсатсыз көші-қонмен және адам саудасымен ымырасыз күресті жалғастыруға әзір. Халықаралық киберкылмыстың өршуі айырықша назар аударуды талап етеді. Осыған орай Президент салалық ведомство басшылары арасында тұрақты байланыс орнатуды ұсынды.

Мемлекет басшысы Орталық Азия мен Қытай халықтарының арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың жоғары қарқынына тоқталды. Мәдени орталықтардың ашылуы, креативті индустрия және туризм салаларының дамуы осы бағыттағы басты басымдықтар ретінде аталды.

– Сиань қаласынан Алматы шаһарына қатынайтын алғашқы туристік пойыздың іске қосылуын құптаймыз. «Қазақстандағы Қытай туризмі жылына» орайластырылған бұл оқиға ғасырлар бойы Еуразия аумағында тауарлар мен идеялардың толассыз алмасуына дөңкер болған Ұлы Жібек жолының рухын жаңғыртады, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы мен Шанхай қалалары, сондай-ақ, Қазақстан мен Қытайдың бірқатар өңірлері арасында бауырластық қарым-қатынас орнағанын қуаттады.

Мемлекет басшысы Қытай тарапының Орталық Азиямен ынтымақтастыққа арналған атаулы жылдар ұйымдастыру бастамасына қолдау білдіріп, келесі жылды «Білім беру және ғылыми зерттеулер жылы» деп жариялауды ұсынды. Бұл қадам елдеріміздің гуманитарлық ықпалдастығын жандандырады.

Қазақстан білім беру инфрақұрылымын жасақтауға және жаңа технопарктер ашуға белсенді түрде кірісті. Осы орайда Қытайдың алпауыт технологиялық компанияларының қауысуымен бірлескен зертханалар мен инженерлер академиясын іске қосуға бейіл. Президенттің пікірінше, кәсіби мамандардың жаңа буыны өңірдің цифрлық, «жасыл», индустриялық трансформациясына түрткі болатын қозғаушы күшке айналады.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы «Орталық Азия – Қытай» форматының 2026-2030 жылдарға арналған ұзақ мерзімді даму стратегиясын әзірлеу қажет деп санайды.

Президенттің пікірінше, бүгінгі Саммит елдеріміздің тату көршілік қатынасты, өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтуға және орнықты дамуға мүдделі екенін растады. Мемлекет басшысы жиын барысында айтылған ұсыныстар мәңгі достық пен стратегиялық серіктестікке берік негіз қалайтынына сенім білдірді. Сондай-ақ, ортақ күш-жігер жұмылдырудың нәтижесінде «Орталық Азия – Қытай» форматын институттандыру ісі табысты жүзеге асқанын атап өтті.

Екінші «Орталық Азия – Қытай» саммитінде ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов және Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев сөз сөйледі.

Форум қорытындысы бойынша мемлекеттер басшылары екінші «Орталық Азия – Қытай» саммитінің Астана декларациясына, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы мәңгі тату көршілік, достық пен ынтымақтастық туралы шартқа қол қойды.



«ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – ҚЫТАЙ» ЕКІНШІ САММИТІ
2025 жылғы 17 маусым, Астана

第二届中国—中亚峰会
2025年6月17日, 阿斯塔纳

ВТОРОЙ САММИТ
«ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ – КИТАЙ»
17 июня 2025 года, Астана

Саммитті ашқан Қазақстан Президенті ҚХР Төрағасына және Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан мен Өзбекстан басшыларына ілтипат білдірді.

Мемлекет басшысы Орталық Азия елдерімен жан-жақты ынтымақтастыққа ниет танытқаны үшін ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинге алғыс айтты. Сондай-ақ, Саммит жұмысына белсене атсалысып, өңірлік ынтымақтастыққа ұдайы қолдау көрсетіп келе жатқан бауырлас мемлекеттердің басшыларына ризашылығын жеткізді.

– Жиынға қатысып отырған Орталық Азия мемлекеттерінің өзара сенімі мен ортақ күш-жігерінің нәтижесінде тату көршілік қарым-қатынаса, достық пен қолдауға арқа сүйеген ынтымақтастықтың бұрын-соңды болмаған үлгісі қалыптасты. Осы ретте аса көрнекті мемлекет қайраткері, Төраға Си Цзиньпин басқаратын Қытай елінің белсенді әрі тиімді рөлін атап өткеніміз дұрыс. Көршілес Қытай Қазақстанның мәңгі әрі стратегиялық серіктесіне, нағыз досына айналды. Сексен миллиондай халқы бар ауқымды нарыққа ие және табиғи ресурстарға бай біздің өңір халықаралық қатынастардың, сондай-ақ, сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық ынтымақтастықтың маңызды субъектісі ретінде өз позициясын бірте-бірте нығайтып келеді. Осынау оң үдерісте Қытай Халық Республикасымен сан қырлы ықпалдастық негізгі рөл атқарады. Орталық Азия мен Қытай арасындағы байланыстар мәңгілік, кез-келген жағдайға бейім әрі жан-жақты стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілгеніне баса назар аударғым келеді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, қолда бар мүмкіндікті біріктіру Қытаймен қарқынды әрі өзара тиімді ынтымақтастыққа тың серпін береді.

– Орталық Азия мемлекеттерінің ішкі жалпы өнімінің көлемі жарты триллион доллар межесіне таяп қалды. Соңғы бес жылда өңірдегі сауда айналымы айтарлықтай ұлғайып, 10 миллиард доллардан асты. Өткен жылы біздің аймақтың Қытаймен арадағы сыртқы саудасы 40 пайызға жуықтап, 95 миллиард долларды құрады. Бұл – рекордтық жеңіс. Аталған көрсеткіштің 46 пайызы Қазақстанға тиесілі. Еліміздің Қытаймен тауар айналымы 44 миллиард долларға жетті. Қытай инвестициясы Қазақстанның экономикалық өсіміне маңызды үлес қосып келеді. Бүгінге дейін көршілес ел бізге 26 миллиард доллардан астам қаржы құйды. Қазақстанда Қытай капиталының үлесі бар 5 мыңға жуық кәсіпорын жұмыс істейді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Қытайдан кең көлемде инвестиция тартуға бағытталған саясатынан айнымайтынын растады.

– Қазақстанда экономикалық өсімге серпін беретін тың мүмкіндіктер қарастырылып жатыр. Әсіресе, Қытаймен бірлескен жобаларды іске қосуға, тауар номенклатурасын көбейтіп, көршілес ел нарығында сұранысқа ие өнімдер экспортын ұлғайтуға ерекше мән беріледі. Өңделу деңгейі төртінші сатыға сай, қосылған құны жоғары өнім шығаратын технологиялық кәсіпорындар ашуға ниеттіміз. Ауылшаруашылығы, соның ішінде озық агротехнологиялар мен тиімді су үнемдеу әзірлемелерін қолданысқа енгізу бағытындағы ынтымақтастық өте маңызды. Бұл ретте Қытай компаниялары агроөнеркәсіп кешеніндегі өндіріс орындарын локализациялау ісіне атсалысады деп үміттенеміз. Елдеріміз арасындағы экономикалық ықпалдастыққа «Қорғас» халықаралық шекара маңы ынтымақтастық орталығы тың серпін береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазіргідей геосаяси ахуал күрделі кезеңде жеткізу тізбегінің сенімді әрі қауіпсіз бағыттарын қамтамасыз ету барлық ел үшін стратегиялық тұрғыдан өзекті екенін айтты.

АЛАКӨЛ ЖАҢА ТУРИСТІК
МАУСЫМҒА ДАҒЫН:ЖЕТІСУДАҒЫ 10 ОҢ
ӨЗГЕРІС

Биыл шомылу маусымына қарай жаңарған инфрақұрылымы бар, ыңғайлы көлігі қарастырылған, қауіпсіздік шаралары күшейтілген Алакөл туристерді қарсы алуға дайын, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Осы орайда назарларыңызға жаңа маусымның 10 басты игілігін ұсынамыз:

Үшарал қаласы бағытында әуе рейстерінің саны артты. Енді Алакөлге күн сайын Астана және Алматы қалаларынан «Алматы-Үшарал» және «Астана-Үшарал» бағыттары арқылы жетуге болады. Мемлекет тарапынан субсидияланған билеттер құны - небәрі 20 000 теңге. Әуежайдың ұшу-қону жолағын қайта жаңартудың арқасында Үшарал қаласында ірі әуе кемелерін қабылдауға жағдай жасалған.

Жазғы шомылу маусымына қарай қосымша пойыздар іске қосылды. Көлге 13 пойыз жүреді, оның ішінде Астана мен Алматыдан «Тальго» жүрдек пойызы да бар. Өскемен, Павлодар, Қызылорда, Семей және Ақтоғай бағыттары қосылды.



Ақши және Көктұма ауылдарына автобус маршруттары ұйымдастырылды. Алматыдағы «Сайран» және Талдықорғандағы автобекеттерден автобустар тұрақты жүреді. Билет құны - 5 000 теңгеден 9 000 теңгеге дейін.

Ақши ауылында дәрігерлік амбулатория, дәріхана және тәулік бойы Жедел жәрдем жұмыс істейді. Облыс орталығынан хирургтар, кардиологтар, травматологтар және басқа да мамандар іссапарға жіберіледі.

Судағы қауіпсіздікті және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін биылғы шомылу маусымында Ақши ауылында тәулік бойы Төтенше жағдайлар департаментінің құтқару бөлімшелерінің кезекшілігі ұйымдастырылады. 19 құтқарушы мен қосымша 28 полиция қызметкері жағалауда тәртіпті қамтамасыз етеді. Құтқару жұмыстарының тиімділігін арттыру үшін 9 құтқару мұнарасы орнатылады.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ
ҚЫЗМЕТІ.

Тыйым салынған жерлерде су көліктерінің бақылаусыз қозғалысы мәселесін реттеу мақсатында Жетісу облысында суды ортақ пайдалану ережесі бекітілді. Ережелердің сақталуын көліктік бақылау инспекциясы жүргізеді, бұл ретте инспекторлар саны ұлғайды. 3 су көлік тұрағы және құқық бұзушыларға арналған арнайы 1 айыппұл тұрағы болады.

Байланыс пен интернеттің сапасын арттыру мақсатында жағалауда 16 базалық станция жұмыс істейді, 2024 жылы оптикалық-талшықты желі тартылды. Интернет байланысына туристік нысандар кезең - кезеңімен қосылуда.

Сондай-ақ, жағалаудың санитарлық инфрақұрылымын жақсарту үшін бірқатар шаралар қабылдануда. Бүгінге дейін 11 санитарлық - гигиеналық торап қойылған, маусымның соңына дейін тағы 12-сі қойылады. Қосымша 60 қоқыс жәшігі қойылып, 20 биотуалет орнатылады.

Ақши ауылында көріз-тазарту құрылысы бастады, бұл - өңірдің экологиялық қауіпсіздігін

қамтамасыз етуге деген маңызды қадам.

Электрмен үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз ету үшін жаңа «Ақши» қосалқы станциясының құрылысы жүргізілуде, биыл Бескөлден Ақшиге дейін жоғары вольтты электр беру желілерін салу жұмыстары аяқталады. Сондай-ақ, Көктұма және Ақши ауылдарында жағалауды нығайтудың ауқымды жұмыстары басталды.

Жетісу облысының Алакөл демалыс орны туризмнің ең танымал бағыты ретінде үнемі даму үстінде. Оған көлікпен бару мүмкіндігін кеңейту, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жағалаудың экологиялық инфрақұрылымы мен заманға сай қолайлы жағдай жасау - қазақстандықтар мен шетелдік туристер үшін көл жағалауында демалуды жайлы ете түседі.

ЖЫЛДАМ ӘРІ ҚОЛАЙЛЫ:

БАЛҚАШ КӨЛІНЕ ДЕЙІНГІ ЖОЛ ЖАҢАРЫП,
КӨЛІК ҚОЗҒАЛЫСЫ ҮШІН АШЫЛДЫ

Жетісу облысында Балқаш көліне дейінгі жол қайта жаңғыртудан кейін көлік қозғалысы үшін ашылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Балқаш көлі - Жетісу өңірінің туристік әлеуетін танытатын нысанның бірі. Еске салсақ, Балқаш көліне көлікпен бару жағдайын жақсарту үшін көлге апаратын жол екі учаскеге бөлініп, жаңғырту жұмысы жүргізілді. Атап айтқанда, ұзындығы 27 км. «Лепсі - Балқаш көлі» жолы өткен жылы пайдалануға берілді. «Алматы - Өскемен - Лепсі - Ақтоғай» автожолының 35 - 110 шақырымы бұған дейін жоспарланғандай, жуырда жол асфальттың төменгі жабынымен көлік қозғалысы үшін ашылды.

Қазір 40 км. жолда асфальттың беткі қабатын төсеу жұмыстары қалды. Одан кейін абаттандыру жұмыстары атқарылады. Жол бойында 4 демалыс алаңы орнатылған, онда аялдама, санитарлық торап қарастырылған. Жол құрылысын жүргізген мердігер



мекеме жол сапасына 5 жылға дейін кепілдік береді. Қандай да бір ескертпелер, ақаулар шығып жатса, өз күшімен ретке келтіреді. Қазір жол құрылысына 65 техника, жүзден астам адам тартылған. Аталған жолды толық пайдалануға беру 2026 жылға жоспарланған, - дейді Жетісу облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Ғалымжан Дәрібаев.

БИЫЛ БАЛҚАШ КӨЛІ ЖАҒАЛАУЫНДА
ЖАРЫҚ ПЕН СУ БЕРІЛЕ БАСТАЙДЫ

Балқаш көлі жағалауында демалушылардың игілігіне инженерлік желілер, яғни, электр жарығы мен тұрмыстық қажеттілікке арналған су осы маусымда беріле бастайды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«Балқаш» туристік - рекреациялық демалыс аймағының инженерлік - коммуникациялық желілері құрылысының жобасы - Балқаш көлі жағалауын дамыту бағытындағы басты жобалардың бірі де бірегейі. Жобада электрмен және сумен қамту, көріз жүйелері, жағалау жиегіндегі автожол құрылысының жобасы қарастырылған.

Бүгінгі таңда су құбыры салынып бітті. Қазір бастағанда су тазарту жұмыстары жүріп жатыр. Осы демалыс мауысымында су беруді жоспарлап отырмыз. Сол сияқты электр бағандары қойылып, қуаты 110/35/10 кВ 1 қосалқы станция орнатылды, оған электр қуаты берілді. Электр қуатын берудің екінші кезеңінде әрқайсысының қуаты 10/0,4 кВ болатын 28 трансформаторлық қосалқы станция қойылады. Оған қоса жағалау бойында ұзындығы 9,3 км болатын автокөлік жолын салудың жер дайындау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жалпы Балқаш жағалауына инженерлік инфрақұрылым тарту жұмыстары 2024 жылы басталған, 2026 жылы бітуі тиіс еді. Жұмыс кестесінен озық келе жатқандықтан, мерзімінен бұрын бітіреміз деген ойдамыз, - деді - Жетісу облысының



энергетика және тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Айдос Бекетаев. Оның айтуынша, көріз құбырлары төселген, көріз тазарту құрылысына тапсырыс беріліп, зауытта дайындалуда.

Жағалауда демалыс орындары құрылысының бейберекет жүргізілуінің алдын алу үшін қазіргі кезде «Балқаш» туристік-рекреациялық демалыс аймағының ержей - тежейлі жоспарлау жобасы дайындалды. Облыстық сәулет және қалақұрылысы басқармасының басшысы Дәрік Нұржановтың сөзіне сүйенсек, бұл демалыс аймағының алаңы 1682,0 га болады. Барлық демалыс базаларының жобалық кезеңдегі бір реттік ең үлкен сыйымдылығы - 23 мың орын, нөмірлердің болжамды саны 7100 бірлік болады деп күтілуде. Нөмір қорының са-

нын есепке ала отырып, көлікке арналған 7200 орындық тегін тұрақ болады.

Және қарапайым халықтың жағалауда демалуына мүмкіндік жасау мақсатында қоғамдық жағажайлар да қарастырылмақ. Бұл туралы Сарқан ауданының әкімі Ғалымжан Маманбаев айтты берді:

- Инженерлік инфрақұрылымы тартылған аймаққа бизнес өкілдері тартылып, демалыс аймақтары бәсекелестік ортада дамиды. Бұл ретте ең алдымен халыққа ортақ қолданыстағы, тегін 6 қоғамдық жағажай жасалады. Мұнда медицина пункті, полиция пункті, құтқарушылық қызмет, ана мен бала бөлмесі сияқты барлық қажеттіліктер қарастырылады. Қоғамдық жағажайды күтіп ұстау аудан әкімдігінің жауаптылығына беріледі. Жағажай қызметі үшін коммуналдық мекеме құру, техника сатып алу жұмыстарына кірістік, - дейді Ғ.Маманбаев.

Қазіргі кезде көл жағалауында 52 мың адам демалса, жағалау қажетті инфрақұрылыммен қамтылып, даму жоспары іске асырылғаннан кейін мұнда маусымына 450 мыңнан астам адам демалады деп болжануда. Демалыс орындары мен мәдени - тұрмыстық қызмет көрсету мекемелеріндегі қызметшілер саны туристердің болжамды санының шамамен 20% құрап, демалыс маусымында жұмыспен қамтылғандардың саны 4,5 мың адамға жетпек.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ
ҚЫЗМЕТІ.



23 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ КҮНІ!

БЕДЕЛІ
БЫІК ҚОС
МЕРЕКЕ

ұлтымыздың абыройын асырып, асқақтату. Өркениеттің өріне қадам бастайтын мемлекеттің ең басты тірегі, оның идеясы мен саясатын алға апарушы мемлекеттік қызметкер екені белгілі. Сондықтан да ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметкер болу – мәртебелі міндет.

Сонымен қатар, биыл полиция күніне 33 жыл толып отыр. Ішкі істер органдары - мемлекеттік биліктің қоғамда құқық тәртібін, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды құрылымдарының бірі.

Құрметті ішкі істер органдарының ардагерлері, тәртіп сақшылары, ішкі істер органдарының қызметкерлері. Сіздерді «23 маусым – Қазақстан полициясы күні» мерекесімен құттықтаймыз. Қоғамдық тәртіпті қалыптастыру, ел тыныштығын қорғау жолындағы қажырлы еңбектеріңізге сәттілік тілейміз. Әрдайым анттарыңызға адал болып, ел қорғаны деген атаққа абыройлы қызмет ете беріңіздер! Еліміз тыныш, халқымыз аман, бауырымыз бүтін, бірлігіміз бекем, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

Өз қызметтік міндетін атқаруға адалдық танытып, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ететін, халық



Берік ТЫНЫШБАЕВ,
аудан әкімі.

Бейбіт СҮЛЕЙМЕНОВ,
аудандық Мәслихат
төрағасы.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ, АҚСУ АУДАНЫ, ЕГІНСҮ, МОЛАЛЫ, ҚАРАКӨЗ ЖӘНЕ ҚАРАШІЛІК АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНІҢ САЙЛАНҒАН ӘКІМДЕРІН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 45-бабына, 113-11-бабының 1-тармағына сәйкес, 2025 жылғы «15» маусымында өткен Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Егінсу ауылдық округі әкімі сайлауының қорытындылары туралы учаскелік сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде, Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы 1991 жылы туған, Ақсу ауданының, Егінсу ауылында тұратын, «Жанаш» шаруа қожалығының басшысы Диханбаев Серік Жекебатырұлын Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Егінсу ауылдық округінің әкімі ретінде тіркеді.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 45-бабына, 113-11-бабының 1-тармағына сәйкес, 2025 жылғы «15» маусымында өткен Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Молалы ауылдық округі әкімі сайлауының қорытындылары туралы учаскелік сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде, Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы 1979 жылы туған, Ақсу ауданының, Алажиде ауылында тұратын, «Хаймұлданов» шаруа қожалығының басшысы Хаймұлданов Еділхан Ерхановичті Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Молалы ауылдық округінің әкімі ретінде тіркеді.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 45-бабына, 113-11-бабының 1-тармағына сәйкес, 2025 жылғы «15» маусымында өткен Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Қаракөз ауылдық округі әкімі сайлауының қорытындылары туралы учаскелік сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде, Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы 1983 жылы туған, Ақсу ауданының, Қаракөз ауылында тұратын, «Алинур» шаруа қожалығының басшысы Шайықов Марат Омирсериковичті Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Қаракөз ауылдық округінің әкімі ретінде тіркеді.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 45-бабына, 113-11-бабының 1-тармағына сәйкес, 2025 жылғы «15» маусымында өткен Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Қарашілік ауылдық округі әкімі сайлауының қорытындылары туралы учаскелік сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде, Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы 1972 жылы туған, Ақсу ауданының, Қарашілік ауылында тұратын, Ақсу ауданы әкімдігінің «Қарашілік ауылдық округі әкімдігінің аппараты» ММ-нің бас маманы Сакмолдин Жанат Турарбековичті Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Қарашілік ауылдық округінің әкімі ретінде тіркеді.

АҚСУ АУДАНЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ.

Қ А С Ы М -
ЖОМАРТ ТОҚАЕВ:

ҚОҒАМЫМЫЗ ДӘРІГЕР ПАРЫЗЫ-НЫҢ ЕРЕКШЕ МӘН - МАҢЫЗЫНА КҮН ӨТКЕН САЙЫН КӨЗ ЖЕТКІЗУДЕ. КӨПТЕГЕН ДАРЫНДЫ ЖАСТАР ОСЫ МАМАНДЫҚТЫ ИГЕРУГЕ ҰМТЫЛЫП ЖАТЫР. МЕМЛЕКЕТ МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ЖАН-ЖАҚТЫ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІП, ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫН ДАМУҒА БАСА НАЗАР АУДАРАДЫ. ҰЛТ САУЛЫҒЫ – ЖАҢА ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУ ЖОЛЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТЫМЫЗДЫҢ АСА МАҢЫЗДЫ БАҒЫТЫ.



Медицина
қызметкерлері күні
құтты болсын!

АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАРҒА
ҚҰРМЕТ

Адам өмірін ұзартуға септігін тигізіп, ажалдан арашалаушы дәрігер мамандығын халқымыз ежелден қастерлеп, құрметтеген. Бүгінгі таңда Қазақстандықтардың денсаулығын жақсарту – еліміздің мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі. Елімізде денсаулық саласын дамыту, тұрғындарға заман талабына сай, қолжетімді және сапалы медициналық қызмет көрсету жолында бар мүмкіндіктер жасалуда.

Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауында да денсаулық саласы назардан тыс қалмайды.

Өткен аптаның соңында «Қобызшы Мольқбай» атындағы мәдениет үйінде осы медицина саласының қызметкерлерінің құрметіне салтанатты жиын болды.

Жиында аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлы құттықтау сөз сөйлеп, осы қиыны мен қызығы қатар жүретін денсаулық саласының қызметкерлерін марапаттады.

Сонымен қатар, осы салада аянбай еңбек етіп жүрген бір топ азаматтар мен азаматшалар «Медицина қызметкерлерінің төл мерекесіне орай «Халық денсаулығын сақтау ісіндегі мінсіз адал еңбегі, азаматтардың денсаулығын сақтау ісіне қосқан жеке үлесі және қоғамдық жұмыстарда белсенділік көрсеткені үшін» Жетісу облысы денсаулық сақтау басқармасының



«Құрмет Грамоталарымен», аудан әкімі Б.Тынышбаевтың «Алғыс хаттарымен» және «АМАНАТ» партиясы Жетісу облыстық филиалының төрағасы А.Арынның және аудандық партия филиалының «Мадақтама» қағаздарымен марапатталды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында айтқанындай, нағыз білікті мамандарға ғана берілетін, сол арқылы кәсіби мәртебені көтеретін маңызды награда – мекемелік марапаттармен де марапатталған абзал жандар болды.

Яғни, осы салада көп жыл еңбек еткен, еңбегі сіңген ардагерлерге сый – сияпат көрсетіліп, денсаулық сақтау ісіне қосқан ерен еңбектері үшін «Еңбек адамы» төсбелгісі бір қатар ардагерлерге табысталса, Ақсу аудандық орталық ауруханасының фтизиатр дәрігері М.Мадалимованың есімі «Алтын кітапқа» еніп, марапаты ұсынылды.

Мемлекет басшысы осы құрылтайда медицина саласына да ерекше тоқталып, «Бүкіл ел бойынша медицина инфрақұрылымын барынша дамыту жұмыстары жалғасады. Осы жылдың соңына дейін «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 188 медицина нысаны салынады» - деп, басқа облыстардағы күрделі орталықтарды пайдалануға беру қажет десе, 2026 жылы 32 аудандық орталық аурухананы жаңғырту керек, - деп жұмысты аяқтау мерзімін бұзуға болмайтынын ескерткен.

Аудандық орталық аурухана құрылысы белгісіз себептермен біраз уақыт тоқтап қалған еді, құрылыс жұмыстары қайтадан қолға алынып, қарқынды жүріп жатқаны аудан тұрғындарын қуантады.

Шара барысында аудан өнерпаздары мерекке орай дайындаған концерттік бағдарламасын ұсынып, ақ халатты абзал жандарға құрмет көрсетілді.

Еңбектеріңіз халыққа қуаныш сыйлап, өздеріңізді нұрға бөлесін.

Ербол ӘБДІКӘРІМҰЛЫ.

Медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесі

ДӘРІГЕРЛЕР - АДАМ ЖАНЫНЫҢ АРАШАСЫ

Адам есейіп, еңбек етіп жасы келген сайын әртүрлі сырқат жабысып, жиі ауырып қалатынымыз бәрімізге аян.

Менде сондай азаматшаларымыздың бірімін. Жиі науқастанып, ақ халатты абзал жандарға жүгінуге тура келеді. Жақында ғана науқастанып, екі рет ауруханаға жатуыма тура келді. Сондағы дәрігерлердің қамқорлықтарына, ілтипаттарына, адамгершіліктеріне риза болдым.

Аурухананың бас дәрігері Байқадам Болатұлы, орынбасары Дәулет Ерғабилұлы, Жандос Мәуленұлы, Ақылбек Ержанұлы, Нәзілә Асқарқызы, Айгүл Оралтайқызы, Қайрат Рабайұлы т.б дәрігерлердің кеңесіне, еміне жүгінуге тура

келді. Әр бөлімнің медбикелері, кіші қызметкерлерінің ерен еңбегіне, науқастармен қарым қатынасына, оларды күтулеріне, тазалықтарына, беріліп жатқан астарына тәнті болдым.

Сонымен қатар өзіміздің Қаракемер ауылының фельдшері Қабанбаева Бақытгүл мен медбике Бектұрова Шолпанның еңбегін де айта кеткім келеді. Күн демей, түн демей шақырсаң дереу келіп, тиісті ем - домдарын беріп кетеді. Әсіресе, Қабанбаева Бақытгүл Жұмаханқызына алғысым шексіз. Күн болсын, таң болсын жанымызда отырып, тиісті көмегін беріп отырды. Жедел жәрдеммен кеткен науқастардың артынан қоңырау шалып, халін біліп, дәрілерін алып беруге дейін көңіл бөліп отырады. Сондықтан Бақытгүл

Жұмаханқызы ауыл арасында үлкен беделге ие, тұрғындар жақсы көреді, құрметпен сыйлайды. Осындай арамьзда антына берік, қызметіне адал, адамдарды қамқорлықтарына алатын дәрігерлерге дән ризамын. Барлық ауданның, ауылдың ақ халатты абзал жандарын кәсіби мерекелерімен құттықтаймын.

Осылай халық үшін еңбек ете беріңдер, көпшіліктің көңілінен шығып, алғысын ала беріңдер дегім келеді. Өмірлерің ұзақ, дендерің сау, отбасыларың аман, еңбектерің жемісті болсын.

Нұркүміс ӘМІРЕНОВА,
Ақсу ауданының "Құрметті азаматы", Қазақстан Республикасының "Оқу - ағарту ісінің үздігі".



● МАМАН КЕҢЕСІ

БРУЦЕЛЛЕЗ АУРУЫ

Бруцеллез – зооозды инфекция. Бруцеллез жануарлардан адамға әртүрлі жолдармен беріледі. Жиі адамдар бруцеллезді ауру малды күткенде жеке бас гигиенасы ережелерін сақтамаса, ауру мал бөліністерімен залалданған құралдармен тікелей қатынасса, малдың жүнін қырқы, малды сою, терісін сыпыру кезінде, мал төлдету кезінде малдың шуы, қағанақ суымен қатынаста болғанда, туған қозыны ауыздандырып емізу кезінде жұқтырып алады. Сонымен бірге ауру сиыр, ешкі, қойдың қайнамаған сүтін немесе толық термиялық өңдеуден өтпеген өнімдерді тағам ретінде пайдаланғанда ауру жұғады. Аурудың негізі нышаны - қызба, дене қызуы тәуліктің екінші жартысында айқын қалтыраудан кейін жоғарлайды. Сүйек, буын, бұлшық еттер, жүйке тамырларының ауру сезімі пайда болады. Бруцеллездің алдын алуда қарапайым іс-шаралар жүргізілуі қажет. Жануарлар күтіміне байланысты барлық жұмыстарды, әсіресе төлдеу науқанында арнайы қорғаныш киімдерін (арнайы киім, аяқ киім, қолғап) киюмен жүргізу, бруцеллез ауруының алдын алу және жеке бас гигиенасы ережелерін сақтау. Тағам ретінде сапалы термиялық өңдеуден өткен ет және ет өнімдерін, сүт және сүт өнімдерін қолдану. Ветеринарлық анықтамасыз сүт және сүт өнімдерін бейберекет сауда орындарынан ешқашан сатып алмау. Малды жайлауға шығарар алдында міндетті түрде бруцеллезге тексерту. Бруцеллезден сезіктенсеңіз, дәрігерден кеңес алыңыз, өйткені, көп жағдайда бұл аурумен басқа ауруларды шатастырады, ал емдеу үшін көп уақыт та, қаржы да шығын болады.

Б.ТЕМІРХАНОВ,
аудандық СЭББ басшысы.

КЕНЕ ЭНЦЕФАЛИТІ

Кене энцефалиті – кене энцефалитінің вирустары, миды және жұлынды зақымдайтын, табиғи-ошақтық ауру. Ауданымыз кене энцефалитінен қолайсыз аймаққа жатады, күн жылысымен табиғатта көп кездесетін жәндіктер мен бірге кене де шығады. Жылда кене шағып тіркелген азаматтардың басым көпшілігі он төрт жасқа дейінгі балалар. Кене энцефалитін тарататын иксод кенелері. Кенелер наурыз айынан шілденің ортасына дейін және тамыз айынан қазан айына дейінгі аралықта көп кездеседі.

Клиникасы: Инкубациялық кезеңі 1-3 күннен 25-30 күнге созылады. Орташа 7-14 күн. Кене энцефалитінің клиникасында 2 синдромды қарастыруға болады 1-интоксикация синдромы, 2-әртүрлі деңгейде орналасқан жүйке-жүйесінің зақымдалу синдромы. Осыған байланысты клиникалық түрлері бар:

Қызбалы, менингитальды, менингоэнцефалитикалық, менингоэнцефалополіомиелитті, полирадикулоневритті, клиникалық түріне қарамастан ауру жедел басталып, жалпы интоксикация синдромымен өтеді.

Байқалады: қалтырау, дене қызуының өте тез жоғарлауы 38-39 С, бас ауруы, жүрек айнуы, құсу. Науқастың бет әлпетіне тән: бет, мойын, кеуденің жоғарғы бөлігінің гиперемиясы байқалады. Көз конъюнктивасы тамырының инъекциясы, кейде жас ағуы жақсы көрінеді. Науқастар: апатиялы әлсіз, сұраққа баяу жауап береді, үрей және қорқынышты сезеді, аурудың бастапқы кезеңінде

тырысу синдромы байқалуы мүмкін. Егер адамды кене шақса, олар тез арада 3 күнге дейін дәрігерге көріну керек, өйткені, аурудың негізгі емі болып кене энцефалитіне қарсы егілетін иммуноглобулин салынады. Егер ол адам кенеге қарсы екпе алса, оған иммуноглобулин салынбайды. Кене шаққан азаматтар аудандық инфекцияниист пен невропатолог дәрігерлерінің қарауында 21 күн болады. Дәрігерлер сіздерге иммуноглобулинді ақысыз салады.

Арудың алдын алу шаралары.

1. Елді мекендер бойынша тұрғындардың белгілі бір топтарын кенеге қарсы иммундаумен қамту, иммундауға кене энцефалитінен қолайсыз аймақтардан келгендерге және қолайсыз аймақтарда тұратындарға, жұмыс жасауға немесе демалуға баратын адамдарға жүргізіледі.

2. Кене шаққан адамдарға арнайы кене энцефалитіне қарсы иммуноглобулин салу, кене шаққан күннен бастап 3 күн ішінде жүргізіледі.

3. Кенелерге жағымсыз иіс туғызатын репелленттер мен аэрозольдарды қолдану.

4. Арнайы киім кию, табиғат аясына шыққанда шалбарды шұлықтың ішіне кіргізіп, үстіне жең шеті резеңкеленген ұзын жеңді киім кию.

5. Табиғат аясына шыққанда ең маңыздысы өзінің, бір-бірілерінің үстілерін жиі – жиі қарап, тексерулері керек.

А.СЕНКІБАЕВА,
аудандық СЭББ жетекші маманы.

ЕМХАНАҒА БАРҒАНЫМДА

(Өзім - шын аралас)

Дәрігер қыз баппен сөйлеп,
Қойып жатыр сұрақтарды.
Балаларды, немерені -
Апасын да сұрап қалды.

Содан кейін сұрақтарды,
Денсаулыққа қарай бұрды.
Сырқаттарды сұрап жатыр,
Бастан өткен талай жылғы.

Жүрегіңіз сыздап кейде,
Анда - санда қысылмай ма?
Өкпеңізге ауа жетпей,
Қиналғаннан ысылдай ма?

Кей күндері құлағыңыз,
Өз өзінен шуылдай ма?
Суық сусын ішкеннен соң,
Тамағыңыз қырылдай ма?

Қарауытып жанарыңыз,
Кезі бар ма бұлдырайтын?
Бас айналып, жүрек айнып,
Қос шекеңіз шыңылдайтын?

Ковид Сізге жолады ма?
Өтті ме екен әлде айналып?
Қан қысымы жоғары ма,
Кез болды ма қалған талып?

Буын сыздап, тізеңіздің,
Бүгілмейтін кезі бар ма?
Қиралаңдап жамбасыңыз,
Жүрісіңіз бұзылмай ма?

Бүйректің де, бауырдың да,
Жағдайың сұрап білді.
Қан қысымын өлшеді де,
Жасыңызға сай деп түйді.



Дәрігер қыз сұрақ пен - ақ,
Өн бойымды шарлап шықты.
Омыртқаны жеке талдап,
Қабырғаны санап шықты.

Инабатты, тәрбиелі,
Осы ауылдың тумасы екен.
Дипломды жақында алған,
Немеремнің құрдасы екен.

Айналайын дәрігер қыз,
Алла берген жасыңа жет.
Көптің айтқан бар алғысы,
Қона берсін басыңа кеп.

Жылы сөзі дәрігердің,
Дәріден де артық деген.
Осы саған тілегім де,
Алғысым да саған деген.

Тілеухан ЕСЕБОЛАТОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Ақсу ауданының "Құрметті азаматы".

Әлі есімде алғаш рет
Емханаға барған күнім.
Аты - жөнім, мекенімді
Бәрін айтып берген күнім.

Содан кейін беталдым мен
Бөлмесіне дәрігердің.
Тұра қалдым кезек тосқан,
Соңына кеп біраз елдің.

Жарты ма, әлде, бір сағат па,
Кезегім де жетті менің.
Ақырындап есікті ашып,
Қыбыжықтап ішке ендім.

Қарсы алған дәрігер қыз,
Нәзік екен үлбіреген.
Алғашында гүл ме дедім,
Көктемдегі жел үрлеген.

Сабырлы әрі салмақты екен,
Әрбір сөзі ойға қонар.
Сырқат жанын түсінетін -
Дәрігерлер сондай болар.

ОЙТОҒАН АУЫЛЫНА 75 ЖЫЛ!

ЕЛІНЕ АДАЛ ЕҢБЕК ЕТКЕН ЕРЛЕР



бай абыроймен адал еңбек етті. Еңбек жолы жылдарында адал, еселі еңбектерінің жемісін көріп, мол табысқа да қол жеткізді. Со-вхозбен аудан арасында, облыс деңгейінде де алдыңғы қатарлы атақты шопан атағында иеленді. Аудан, облыс басшылығы ерлі-зайыптылардың адал еңбектерінде бағалай білді, атақты шопан Нүсіпов Бейсенбайға КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен «Еңбек ерлігі үшін» медалы, КСРО халық шаруашылығын дамытудағы жетістіктері үшін - «Қола» медалы, Көп жылғы адал еңбегі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының атынан «Еңбек ардагері» медалы және тағы басқа да марапаттар берілді, жұбайы Нүсіпова Берехан Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының атынан «Аналық Даңқ» орденімен, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы бойынша «Алтын алқа» алқасымен, Көп жылғы адал еңбегі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының атынан «Еңбек ардагері» медалы және тағы басқа да марапаттар берілді, құрметтелді. Еңбек ету-мен қатар Асқар - тау әке Бейсенбай мен алтын құрсақты ана «Алтын алқа» иегері Берехан анамыз бала - шағасында өсірді, жеткізді, саналы жұмырында сегіз баланы тәрбиелеп, білім беріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып балаларын аяғына тұрғызып немерелерін, шөберелерін сүйді, арттарында ұрпағына өнегелі өшпес із қалдырды.

Ол күндер мәңгі есте сақталады, - дегендей халық тарихын келешек жас ұрпақ еш уақытта ұмытпай, мәңгі жадында сақтайды. Ол өскелең ұрпақ үшін рухани азық, асыл мұра. өз тарихын, өткенін есте сақтау арқылы болашаққа еркін қанат қаға алады. "Еңбек адамы" деген міне осындай кісілер. Олардың еңбегін үлгі тұтуымыз керек.

алғашқы әскери дайындығы және қосымша білім берудің ғылыми - тәжірибелік орталығы» КММ - нің директоры Қасенов Айбол Батырболұлы, аудандық білім бөлімінің басшысы Айдымбек Құмарбекұлы, аудандық СЭББ басшысы Б.Темірханов, мектеп директорлары қатысып, лагерьге келген балаларға жазғы демалыстарының әрбір күні естен кетпестей қызықты сәттерге толы болуына, тынығу лагерінде жаңа достар тауып, ауызбіршілік пен ынтымақтың ұйытқысы бола біліңіздер», - деп жылы лебізін жеткізді.

Мерекелік шара барысында қонақтар орталық қызметін көріп, жас қолөнершілердің дайындаған туындыларын тамашалады. Сондай - ақ, тынығу лагеріндегі балаларды жан - жақты дамыту бағытындағы атқарылып жатқан бастамалармен танысты.

Салтанатты кеште орталық тәрбиеленушілері өз өнерлерін ортаға салып, мыңбұрылған бишілер мен жезтандай әншілер көрермендер көзайымына айналды.



"ТАМШЫБҰЛАҚ" ЛАГЕРІ



«Бала күлкісі - ересектердің көңіл жұбанышы», балаларымыздың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру - біз үшін маңызды міндеттердің бірі. Осы орайда балаларға арналған «Тамшыбұлақ» жазғы демалыс

лагері дәстүрге сай өз жұмысын бастап, бүлдіршіндерімізге есігін айқара ашып отыр.

Балғындардың дәстүрлі қуаныш мерекесіне «Жетісу облысының білім басқармасы» ММ - і, «Дене тәрбиесі, спорт,

ТАЗАЛЫҚ ТАБАЛДЫРЫҚТАН БАСТАЛАДЫ

«Тазалық табалдырықтан», - «Таза Қазақстан» аясында тазалық, көркейту, көгалдандыру жұмыстары аудан орталығында әлі де жалғасын тауып келеді. Көшеге сән де, әр де беретін гүл, ағаш көшеттері отырғызылып, күтімге алынған. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», - демекші тазалық айлығына аудан тұрғындары білек сыбана кірісіп, оған арнайы техникалар мен түрлі сала қызметкері жұмылдырылды.

23 маусым - мемлекеттік қызметшілер күні қарсаңында да мемлекеттік қызметшілер сенбілікке шығып, «Ауылына қарап азаматын таны» атты достық шелеңж жасады. Сондай - ақ, көпшілікке өздері үлгі болып, сенбілікке қатысушыларды және барлық ауыл тұрғындарын туған ауылдың көркіне назар аударып, оны таза ұстауға шақырды.

Ербол ӘБДӘКӘРІМҰЛЫ.

●МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЖӘНЕ БАҚ" БАЙҚАУЫНА

Тіл - ақылдың өлшемі, ұлттың жаны



Биыл Жетісу облысына 3 жыл, - деп газетімізде айдар ашылып, облысымыздың осы үш жылда жеткен жетістіктері мен толағай табыстарын әр аудан мақтанышпен жарыса жазып жатырмыз. Ал енді, сол облысымызбен бірге қайтадан өмірге келген «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің де жұмысын осындай мақтаныш сезіммен айтуға болады.

Екі облыс бөлінбей тұрғанда басталған игі бастама еді бұл. Құжаттарын әзірлегенше облыс бөлініп, құжаттарды қайтадан жасап, жер ұйығы Жетісу облысымен бірге дамып келеді.

Ниетіміз қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту және мемлекеттік тілді өз тұғырына қондыру. Міне осы мақсатта тіл жанашырлары аз ғана уақыт ішінде аянбай еңбек етіп, көптеген мәселелерді көтеріп, шешімін тапты.

Себебі, мемлекеттік тілдің жағдайы Қазақстанды туған отаным деп сезінетін әрбір азаматты толғандырады сөзсіз.

Әрине, тілдің дамуы, өмір сүруі үшін ең басты шарт - сол тілде сөйлейтін адамдардың болуы.

Сондықтан, тілдік ахуалды реттеуде халық арасында насихат жұмыстарын жасап, мемлекеттік тілдің, яғни қазақ тілінің қолданысын кеңейтуге бір кісідей атсалыстық.

Міне, қазақ тілінде сөйлейтін тілдік ортаны қалыптастыру - елдік, қоғамдық іс болғандықтан баршамыз осы іске бір кісідей атсалысып, өз үлесімізді қосуға тырыстық. Нәтиже де бар...

Тіл - ақылдың өлшемі, ұлттың жаны. Бүгінгі таңда мемлекеттік тілдің дамуына баса назар аударылып отыр. Ел ертеңі - жастар десек, сол жастар арасында мемлекеттік тілдің мәртебесі мен қолданыс аясын кеңейту өзекті болып отыр.

Осы уақытқа дейін, «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Ақсу аудандық филиалы мен «Amanat» партиясы жанындағы «Жастар рухы» Жастар қанаты аудандық филиалы өзара ынтымақтастықпен бірлесіп, аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту, спорт бөлімінің қолдауымен мемлекеттік тіліміздің өркендеуі жолында қомақты жұмыстар атқарылды.

Жетісу облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы мен «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен жылдық жұмыс жоспарына сәйкес аудан орталығындағы тамақтану орындарында ас мәзірін жазылуында Тіл туралы заңның сақталуын зерделеу, әдістемелік көмек көрсету мақсатында топ жинақталып, зерделеу тобының жиыны өтті. Жиын барысында қатысушылар өз ойларын ортаға салып, жұмыс жоспарын құрды, зерделеу аймағын бөліп алды.

Зерделеу тобына «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің мүшелері мен тіл жанашырлары тартылды.

Ақсу ауданы негізінен қазақы аудан болғандықтан бізде аса үлкен кемшіліктер анықталмады. Жұмыс ба-

рысында кездескен ұсақ - түйек кемшіліктер түзетіліп, әдістемелік көмектер көрсетілді. Кәсіп иелеріне Тіл туралы Заңның сақталуы туралы түсінік берілді. Сұрақтар қойылып, пікір алмасты.

Осы арада аудан жастарына қандай мекеме, кәсіпорын, тіпті ұялы байланыстардағы, әлеуметтік желілердегі бағдарламаларды қазақша пайдалануды насихаттадық.

Әрбір есті мекеме, мобильді қосымша, сайт тіл статистикасын жүргізеді. Оларға қазақ тілінде қызмет көрсетуді сұрап келетіндер неғұрлым көп болса, олар тіл жайлы соғұрлым көп ойлана бастайды. Есіңізде болсын, сіздің ҚР - ның азаматы, тұтынушы ретінде қазақша ақпарат алу-ды сұрауға құқығыңыз бар. Бірақ құқығыңызды сыпайы әрі мәдениетті түрде талап ету өте маңызды екендігі түсіндірілді.

Иә, қазақ халқы ұлт болып қалыптасқаннан бері қазақ тілі өмір сүріп келеді. «Ана тілің алпыс тілге татиды» демекші «Қазақ тілі» арқылы рухани байлығымызды меңгереміз. Тіл - халықтың мәңгілік халық болып қалуының айғағы. Тіл - ата - бабаларымыздың ұрпаққа қалдырған аманаты. Сондықтан, тіліміздің иесі - өзімізбіз.

Біздің ана тіліміз - мемлекеттік тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарлама мен іс - шаралар ұйымдастырылуда. Әркімнің тілге деген құрметін өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрметінен білуге болады.

Кешегі ұлылардың сенімін ақтап, тіл бірлігін жалғастыруда барлық күш - жігер, жауапкершілік алдымен бүгінгі жастарымызға түсетіндігі айдан анық. Ал біз осынау абыройлы парызды мойынымызбен көтеруге тиістіміз.

Міне сондықтан, әрқайсысымыз да тіл жанашыры болып, еліміздің әр аймағында тілді дамыту тұрғысында патриоттық сезіммен еңбек етуіміз керек. Тіл - қашанда ұлттың ұйтқысы. Сөзі өз тілінде шыққан халықтың егемендігі баянды, тұғыры қашан да биік болады.

Алайда аудандық филиалдар қайтадан жабылатыны барлығымызға қиын болып тұр. Оның да бір себебі бар шығар. «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің филиалдарының жұмысын оңтайландыру туралы бірлестік Президенті Р.Кенжеханұлының бұйрығымен аудандық филиалдар Бас кеседен босатылатын болды. Бірақ жұмысымыз ары қарай жалғаса береді. Яғни, тікелей облыстық филиал атынан жүзеге асатын болады.

Алла ісімізді берекелі етсін!

Ербол СЫМХАНОВ,
«Ақсу өңірі» газетінің жауапты хатшысы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

«Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Ақсу аудандық филиалының төрағасы.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСҮДІҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Электр энергиясы адамның өмірі мен қызметінде үлкен пайда мен ыңғайлылықты береді. Бүгінде электр энергиясы пайдаланылмайтын бірде - бір өнеркәсіп саласы немесе өзге сала жоқ. Бизнес - құрылымдар үшін электрмен жабдықтау желілеріне қосылу – маңызды және өзекті мәселе. Электрмен жабдықтауды қалай ұйымдастыруға болады? Барлық қажетті құжаттар мен келісімшарттар қалай рәсімделеді? Осы және басқа да сұрақтарға ҚР Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Жетісу облысы бойынша аумақтық департаментінің басшысы Берік Сатыбалдыұлы сұхбат барысында жауап береді.

- Қайырлы күн, Берік Сатыбалдыұлы! Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне электрмен жабдықтау желілеріне қосу рәсімі бойынша қандай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді?

- Энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар мен электр энергиясының тұтынушылары арасындағы көтерме және бөлшек сауда нарығында туындайтын қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен, «Электр энергетикасы туралы» Заңымен және Электр энергиясын пайдалану қағидаларымен реттеледі.

Елдегі кәсіпкерлік қызметті жақсарту жөніндегі мемлекеттік саясат аясында және Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексындағы Қазақстанның позициясын көтеру мақсатында

электрмен жабдықтау желілеріне қосылу рәсімдерін жеңілдетуге бағытталған заңнамалық түзетулер қабылданды.

Атап айтқанда, ҚР Энергетика министрлігінің Электр энергиясын пайдалану қағидаларына енгізілген өзгерістерге сәйкес:

- электрмен жабдықтау шартына қажетті құжаттар саны 9-дан 7-ге қысқарды;
- техникалық шарттарды беру мерзімі 5 жұмыс күніне дейін қысқартылды;
- тұтынушы тарапынан жобалық құжаттаманы алдын ала келісу талабы алынып тасталды.

- Тұтынушыларды электр энергиясына қосу тәртібі мен мерзімдері өзгерді ме?

- Иә, тұтынушыларды электр желілеріне қосу тәртібі мен мерзімдерінде де оң өзгерістер орын алды. Енді заңды тұлғалар атынан құрылыс - монтаж


ұйымдары, ал жеке тұлғалар өздері энергия беруші ұйымға (немесе энергия өндіруші ұйымға) техникалық шарттардың орындалуы және қондырғыларға кернеу беруге дайындығы туралы хабарлама мен шартты акцептеу туралы өтінішті еркін нысанда жібереді.

Энергия беруші ұйым:

- хабарламаны алғаннан кейін 2 жұмыс күні ішінде сыртқы қосылуды және техникалық шарттардың орындалуын тексереді;
- 3 жұмыс күні ішінде кернеу беріп, есепке алу жүйесін пломбалайды және тиісті акт береді;
- пломбалау актісі берілген соң 2 жұмыс күні ішінде құжаттарды энергиямен жабдықтаушы ұйымға жолдайды.

- Егер энергия беруші ұйым техникалық шарттардың талаптарының орындалмағанын анықтаса, не болады?

- Мұндай жағдайда энергия беруші ұйым 2 жұмыс күні ішінде анықталған кемшіліктер туралы акт береді. Кемшіліктерді жойғаннан кейін, тұтынушы немесе мердігер ұйым техникалық шарттардың орындалуы және дайындық туралы қайта хабарлама жолдайды. Энергия беруші ұйым бұл хабарламаны 1



жұмыс күні ішінде қарайды. Егер кемшіліктер қайта жойылмаса, келесі тексеру тек 1 айдан кейін жүргізіледі.

- Объектінің меншік иесі ауысқан кезде жаңа техникалық шарттар алу қажет пе?

- Жоқ, техникалық шарттарды қайта рәсімдеудің қажеті жоқ. Алайда меншік иесі өзгерген жағдайда, жаңа меншік иесі меншік құқығы тіркелген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде энергия беруші ұйымға шартты акцептеу туралы өтініш жолдауы тиіс.

Энергия беруші ұйым 2 жұмыс күні ішінде теңгерімдік тиесілікті және пайдалану жауапкершілігін шектеу актісін береді және энергиямен жабдықтаушы ұйымға құжаттарды жібереді. Бұрынғы меншік иесі электр энергиясы үшін түпкілікті есеп айырысу жүргізеді.

- Бұрын тұтынушыға жобалық құжаттаманы келісу

қажет еді. Қазір бұл талап бар ма?

- Қазіргі таңда жобалық құжаттаманы энергия беруші ұйыммен алдын ала келісу талабы жойылды. Бұл өзгеріс процесті айтарлықтай жеңілдетеді.

- Электрмен жабдықтау желілеріне қосылу рәсімдері бұзылған жағдайда тұтынушылар қайда жүгіне алады?

- Мұндай жағдайда тұтынушылар ҚР Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Жетісу облысы бойынша аумақтық департаментіне келесі мекенжай бойынша жүгіне алады: Талдықорған қаласы, Қаратал шағынауданы, 60В, 101 және 103-кабинеттер. Байланыс телефоны: +7 (7282) 41-70-80. Сонымен қатар, «Е-otinish» ақпараттық жүйесі арқылы да шағым жолдауға болады.

Айтыс өнері тарихы



Айтыс – қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі ең бір ерекше әрі көркем жанр. Айтыс өнері тарихы – қазақтың дәстүрлі ауыз әдебиетінің бірегей түрі болып табылады. Суырыпсалма ақындардың жұрт алдында сөз жарыстыруы, өнермен, тапқырлықпен, біліммен, ақылмен сайысқа түсуі. Бұл өнер түрі ғасырлар бойы қазақ халқының рухани өмірінде ерекше орын алып келеді.

Айтыстың бастауын түркі дәуірінен, ертедегі жыраулар мен шешендер сөзінен іздеуге болады. Ауызша поэзияның ежелгі түрлерінің бірі ретінде айтыс түркі халықтарынан да кең тарағанын білеміз. Тарихы сонау ерте заманнан бастау алады. Сан ғасырлар бойы жинақталған айтыс өнерінің үлгілерін қазақ халқы атадан балаға мұра етіп, біздің заманымызға жеткізген.

Айтыс тек өнер ғана емес, ол – халықтың рухани қуаты, тілі мен дінінің сақталуына үлкен үлес қосқан мәдени феномен. Айтыс арқылы ұрпақ ұлттық құндылықтарды, шешендік сөздерді, қазақи мінезді бойына сіңіреді.

Бұл өнердің басты ерекшелігі – екі ақынның кезектесе отырып, белгілі бір тақырыпта сөз сайысына түсуі. Осы өнер арқылы ақындар тек қана өлең шығарып қоймайды, сонымен бірге әлеуметтік мәселені көтеріп, халықтың көңіл-күйін, заманның тынысын сипаттайды. Айтыс – әрі сын, әрі тәрбие құралы. Ақындар ел ішіндегі, әділетсіздікті, кемшіліктерді айтып отырған. Бұрынғы заманда батырлар мен билердің, ел ішіндегі даулардың, тіпті соғыстың тағдырын шешкен айтыстар да болған. Мыса-

лы, Біржан мен Сара, Жамбыл мен Құлмамбеттің, Шөже мен Кемпірбайдың айтыстары – қазақ әдебиетінің алтынқорына енген інжу-маржандар.

Қазақ тарихында аты аңызға айналған айтыскерлер көп. Соның ішінде Сүйінбай Аронұлы, Жамбыл Жабаев, Сара Тастанбекқызы, Орынбай, Бақтыбай сияқты тұлғалар ерекше орын алады. Қазірге таңда да айтыс өнері өз жалғасын тауып Ринат Зайытов, Айнұр Тұрсынбаева, Балғынбек Иманов сияқты ақындар халықықыласына ие болып келеді.

Қазіргі таңда айтыс жаңа бағытта дамып, теледидар, интернет желісі арқылы қайта халықпен қауышып отыр. Елбасы мен мемлекет тарапынан қолдау тауып, ақындар айтысы мәдени шаралардың ажырамас бөлігіне айналды.

Бұдан шығатын қорытынды: Айтыс - ұлттың жаны. Оны сақтау, дамыту, баршамыздың парызымыз деп білеміз. Себебі, бұл өнер түрі халқымыздың даналығы мен даралығын дәлелдейтін баға жетпес қазына болып қала береді. Қазақ халқы үшін айтыс өнері дала демократиясының ерең үлгісі деп толық айтуымызға құқығымыз бар. Айтыс өнері, сонымен қатар, халықтың әлеуметтік жағдайын, тұрмыс-тіршілігін, шаруашылығын, тілін, наным-сенімін, дүниетанымын, тарихын, мәдениетін, жалпы болмысын танытатын кең ауқымды өнер екені айтпасада түсінікті. Оны дәріптеу - халқымыздың рухани мұрасын сақтаудың бір жолы.

Айдана ДОСЖАНОВА, Ақын Сараның мемориалды музейінің экскурсия жетекшісі.

ОРАЗ ЖҰМАШЕВТЫҢ ӨМІР ЖОЛЫНА АРХИВТІК ШОЛУ

«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ақсу филиалында жеке тектік қор, журналист, "Өмір нұры" газетінің бас редакторы қызметін атқарған, ақын - Ораз Жұмашевтың құжаттары мемлекеттік сақталуда.

Жұмашев Ораз 1935 жылы 20 желтоқсанда Талдықорған облысы, Ақсу ауданы, "Діңгек" ауылының тумасы. Биыл жеке қор иесінің 90 жылдығы.

Әкесі - Мұхажанов Жұмаш, анасы - Мұхажанова Зейнеп колхозшылар болған. Жұмашевтар отбасында үш бала болды.

1950 жылы О.Жұмашев Ақсу ауданы, Абакумовка ауылындағы Чапаев атындағы орта мектепке түсіп, 1955 жылы жетілу аттестатын алады.

1956 жылдың 10 қазанынан 1965 жылға дейін қатардағы колхозшы, клуб меңгерушісі, кадрлар бөлімінің меңгерушісі, жұмысшы, таразышы, Октябрь колхозында кассир болып жұмыс істейді. 8 жылдық Н.Есеболатов мектебінің хатшы - есепшісі. Ол 1958-1959 жылдар аралығында өлең жаза бастады.

1959 жылы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне сырттау оқуға түсіп, 1965 жылы журналистика мамандығы бойынша толық курсты бітірді. 1965 жылғы 20 қыркүйектен бастап аудандық атқару комитетінің нұсқаушысы; 1966 жылғы 1 қазаннан бастап Ақсу аудандық атқару комитетінің нұсқаушы бөлімінің меңгерушісі; 1975 жылғы 30 қазаннан бастап Чапаев атындағы АШМ (аудандық арнайы шаруашылық бірлестігі) мал шаруашылығы бригадирі; 1979 жылғы 03 қарашадан бастап Ақсу аудандық радио - хабар тарату редакциясының жауапты редакторы болып жұмыс істейді; 1982 жылғы 21 желтоқсаннан бастап Ақсу аудандық "Өмір нұры" газетінің жауапты редакторы; 1983 жылғы 14 қаңтардан бастап Ақсу аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі; 1985 жылғы 03 қаңтардан бастап газет редакциясында; 1986



жылғы 17 қазаннан бастап "Өмір нұры" газеті редакциясының орынбасары лауазымына ауыстырылды; 1992 жылғы 03 желтоқсаннан бастап 2002 жылға дейін "Ақсу өңірі" редакторы. 05 наурыз 2003 ж. ол аурудан қайтыс болды. О.Жұмашевтің еңбек жолы 45 жылды құрайды. 1964 жылдың мамырынан бастап Кеңес Одағы Коммунистік партиясының мүшесі. 1971-1975 жылдары О.Жұмашев Ақсу аудандық партия комитеті жанындағы партиялық актив мектебі партиялық оқу жүйесінде жоғары саяси білім алды. 1976 жылдан "Знание" қоғамының облыстық ұйымының мүшесі, Ақсу ауданының "Знание" қоғамының лекторы.

1970 жылы 5 сәуірде коммунистік Еңбекшілер бойынша белсенді және жемісті жұмысы үшін О.Жұмашев "В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай Ерен еңбегі үшін" мерейтойлық медалімен марапатталды.

1983 жылы облыстық Халық комитетінен "Халықтық бақылау органдарындағы белсенді және жемісті жұмысы үшін" "Алғыс хат" алып, бағалы сыйлықпен марапатталады. 1985 жылы Ақсу аудандық халық депутаттары Кеңесінің атқару комитеті "Партиялық - кеңестік және баспасөз органдары жүйесіндегі ұзақ жылғы еңбегі үшін" және

туғанына 50 жыл толуына байланысты "Құрмет Грамотасымен" марапаттады. О.Жұмашев КСРО Жоғарғы Кеңесі төралқасының атынан еңбегі үшін Талдықорған облыстық халық депутаттары Кеңесі атқару комитетінің 22 сәуірдегі шешімімен "Еңбек ардагері" медалімен "Өмір нұры" газетіне белсенді қатысқаны үшін "Құрмет Грамотасымен" марапатталады. 1994 жылы Ақсу мәслихаты депутаттар жиналысы аудандық газет шығарылымының 60 жылдығына байланысты аудандық редакциядағы "Өмір нұры" газетінің "Құрмет Грамотасымен" марапатталды. 2000 жылы Алматы облыстық әкімдігі "Жаңа ғасыр - жаңа ән" байқауында, 2000 ж. 16 желтоқсанда Алматы қаласында О.Жұмашев "Жапырақ жайсын ұлағат" өлеңдері үшін дипломант атағын алады. 1995 жылы "Даладағы ағындар", 2002 жылы "Сезім сырларын" атты өлеңдер жинағы жарық көрді. Ақсу филиалында мемлекеттік сақтауда тұрған құжаттары: туу туралы куәлігі, еңбек кітапшасы, жетілу туралы куәлігі, университетті бітіргені туралы дипломы, партия билеті. Куәліктері: партиялық актив мектебін бітіргені туралы, "В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай Ерен еңбегі үшін" мерейтойлық медалі, Еңбек ардагері, аудандық газет редакторының орынбасары, депутат, зейнеткер куәліктері. Дипломдық жұмысы да ұзақ мерзімді еңбегі үшін және мерейтойларға байланысты "Құрмет грамоталары", "Алғыс хаттары", шақыру билеттері және мерейтойларға арналған құттықтау хаттары, аудандық газеттегі мақалалары, дөңгелек-қолжазбалары, өлеңдер жинағы сақталуда. Барлық құжаттардың түпнұсқалары қазақ тілінде.

О.Жұмашевтің жеке тектік құжаттары мемлекеттік сақтауға 2005 жылғы қараша айында қабылданған.

Е.ЕСТАЕВ, «Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ Ақсу филиалының архивісті.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

АБАЙЛАҢЫЗ ИНТЕРНЕТ



Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 197 (153) интернет алаяқтық фактілері тіркелген, жалпы алғанда өткен жылмен салыстырғанда интернет-алаықтық 28,8%-ға азайған.

197 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы-108, Текелі қаласы – 19, Ақсу – 9, Алакөл – 11, Ескелді – 10, Кербұлақ – 8, Көксу – 6, Қаратал – 10, Панфилов – 7, Сарқан - 9. Көбінде бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. А. арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде, Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қонырауларды пайдаланады, өткені WhatsApp қонырауларды бақылау қиын, өйткені, бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаықтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайттарын пайдалану арқылы да жасалады.

Әлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте», арқылы мүлкікті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ИІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ИІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлкікті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.

2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етеміз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбегеніз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келуі мүмкін.

7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруді, яғни, 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

Маді ХАЙРБАЕВ,

ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру аға прокуроры.

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етеді

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни, өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);

- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама);

- Жалғыз тұрғын үй авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);

- Жылжымайтын мүлкінің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);

- «Занды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);

- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);

- Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);

- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімдерінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);

- Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

1) мекен - жай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғаларға арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11);

ралы мәліметтерді ақпараттық ресурста қолжетімді ету болып табылады [kgd.gov.kz \(https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web\)](https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web);

3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;

4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;

5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Занды тұлғалар» «мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімнен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекелеген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылы 21 қазанда №21463 Әділет министрлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың әкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және eGov mobile арқылы әкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің аяппұлыңды біл» атты қосымшадағы Комитеттің <https://qamqor.gov.kz> сайтынан алуға болады, өзіңнің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызыметімізді оңайлатып және жеделдетіп

порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады.

Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның форнт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзінің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық департаментінің архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Қызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

Али БАЛАБЕКОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің
Жетісу облысы бойынша
Департаментінің қылмыстық
саладағы құқықтық ақпаратты
қалыптастыру прокуроры.

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының қаулысы

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы мүшесі құрамына және №18 учаскелік сайлау комиссиясының құрамына өзгеріс енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 20 бабының 12 тармағына сәйкес, аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. №18 учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы Жесекбаев Улан Калкаманович, туысқаны Қалқаман Еркебұлан 2025 жылдың 18 маусымында Ойтоған ауылдық округі әкімдігіне кандидат болып тіркелуіне байланысты, уақытша сайлау науқаны кезеңінде сайлау комиссиясының төрағасы қызметін атқаруы тоқтатылсын.

2. Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының

мүшесі Мусабаланов Габит Ахметкожанович, туысқаны Мусабаланов Ильяс Сабитович 2025 жылдың 18 маусымында Жансүгіров ауылдық округі әкімдігіне кандидат болып тіркелуіне байланысты, уақытша сайлау науқаны кезеңінде аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі қызметін атқаруы тоқтатылсын.

2. №18 учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі қызметіне уақытша 2025 жылдың 18 маусымынан бастап, сайлау кезеңі аяқталғанға дейін Мамырбаева Алия Турсуновна тағайындалсын.

3. Осы Қаулы Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында және аудандық «Ақсу өңірі» газетінде жариялансын.

4. Осы Қаулының орындалуын бақылау аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы И.Жұмагелдиеваға жүктелсін.

Төраға

С.ЖҰМАБЕКОВ

Хатшы

И.ЖҰМАГЕЛДИЕВА

Жансүгіров ауылы
18 маусым 2025 жыл
№37

Салық төлеушілер назарына!

«Бәйге» акциясы Мемлекеттік кірістер комитеті «Бәйге» атты жаңа акцияның өткізілетінін хабарлайды.

Аталған акция аясында белгіленген кезеңде ең көп фискалдық чекті тіркеген жеке тұлғаларға **100000 теңге көлемінде** сыйақы беріледі. Акция **2025 жылғы 1 мамырдан бастап 31 желтоқсанға дейін** бүкіл ел бойынша өткізіледі.

Әрбір тоқсанның қорытындысы бойынша әр өңірден (жалпы 20 жеңімпаз – әр облыс пен республикалық маңызы бар қаладан бір жеңімпаз) ең көп фискалдық чек сканерлеген азаматтарға 100000 теңге көлемінде жүлде беріледі.

Акция тоқсан сайын өткізіледі:

- 1 - кезең: 1 мамырдан екінші тоқсанның соңына дейін;
- 2 - кезең: үшінші тоқсанда
- 3 - кезең: төртінші тоқсанда.

Аталған акцияға қатысу үшін «Amian» мобильді қосымшасы арқылы тауарлар, жұмыстар мен қызметтерге төленген чектерді тіркеу қажет. Мемлекеттік кірістер комитеті азаматтарды тұтынушы құқығын қорғау үшін бақылау – кассалық машиналардан берілетін чектерді талап етуге шақырады.

Сіздерді жеке тұлғалардың мүлік салығы, жер салығы, көлік салығы бойынша салық берешегін төлеу қажеттілігі туралы хабарлаймыз.

Өз салық міндеттемелерін орындамаған жағдайда **әкімшілік шаралар қолданылады.**

- Мүлік және жер салығының **2024 жылғы төлеу мерзімі 01.10.2025 жыл.**

- Көлік салығының **2024 жылғы төлеу мерзімі 01.04.2025 жыл.**

Салықтық берешек туралы ақпаратты 2-20-25, 2-16-29, 2-15-66 телефоны арқылы.

- **kgd.gov.kz арқылы,**
- **eSaluk мобильді қосымша арқылы білуге болады.**

100 ТЕҢГЕДЕН КӨП САЛЫҚ БЕРЕШЕГІ БАР АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

ФИО	Округ	Вид налога	Налог	Пеня	Итого
САПАРГАЛИЕВ РУСЛАН ЕРМОЛДАЕВИЧ	с/о Капал	104402	-845 414	-92 480	-937 894
АБИШЕВ АЯН КЕНЖЕБАЕВИЧ	с/о Ойтоған	104402	-836 580	-91 206	-927 786
АБЕЕВ АСХАТ ҚАНАТБЕКҰЛЫ	с/о Кызылагаш	104402	-508 097	-10 049	-518 146
БЕККОЖАНОВ АЛТАЙ КУСПАНОВИЧ	с/о Жансугуров	104402	-449 263	-72 881	-522 144
СЫМЖАНОВА УЛТАЙ ЖУМАХАНОВНА	с/о Кызылагаш	104402	-436 864	-10 121	-446 985
ИСАЕВ БАТЫРБЕК ЕРТАЕВИЧ	с/о Карасу	104402	-436 164	-8 626	-444 790
ИНТЫМАКОВ АИТМУКАМЕТ БЕКТУРСЫНОВИЧ	с/о Жансугуров	104402	-417 996	-301 779	-719 775
ЖИРОВА АНАСТАСИЯ ВАЛЕРИЕВНА	с/о Капал	104402	-414 850	-83 142	-497 992
ОМАРОВА АЛТЫН АБДИХАДИРОВНА	с/о Жансугуров	104402	-383 293	-7 581	-390 874
ИДРИШЕВ САМАТ БАЗАРБЕКОВИЧ	с/о Жансугуров	104402	-356 965	-289 036	-646 001
ТУРГАНБАЕВ СЕРИКХАН НОГАЙБАЕВИЧ	с/о Жаналык	104402	-353 341	0	-353 341
КУШЖАНОВА ДИАНА СОВЕТАЕВНА	с/о Жансугуров	104402	-317 798	-280 713	-598 511
ҚАМЗА ҚУАНДЫҚ	с/о Карашилик	104402	-275 765	-4 519	-280 284
ЖУМАГАЛИЕВ НУРСУЛТАН МЕНГАЛИЕВИЧ	с/о Жансугуров	104402	-209 821	-59 380	-269 202
ИСКАКОВ МАЛИК КАНИБЕКОВИЧ	с/о Жансугуров	104402	-203 825	0	-203 825
НУРБАЕВА АЙГУЛЬ СЕРИКБАЕВНА	с/о Жансугуров	104402	-197 450	-134 249	-331 699
КУБЕНОВ БОЛАТ ТЕМЕРБУЛАТОВИЧ	с/о Жансугуров	104402	-180 846	-113 432	-294 278
АНУАРБЕКОВ АЙДАР ЖАНАТОВИЧ	с/о Жансугуров	104402	-180 694	-2 961	-183 655
БЕЛОЗЕРОВ АЛЕКСАНДР ВЛАДИМИРОВИЧ	с/о Жансугуров	104402	-173 937	-49 077	-223 014
РАХИПБЕКОВ ГАЛИ МУРАТОВИЧ	с/о Жансугуров	104402	-170 405	-81 093	-251 498
САЛТАНАТ ТАЛАП	с/о Жансугуров	104402	-170 105	-1 363	-171 468
КУШКУЛАКОВА МИРАМКУЛЬ НЫСАНБАЕВНА	с/о Арасан	104402	-168 756	-72 089	-240 845
ОСПАНОВ ЕДИЛ КЫРГЫЗБАЙУЛЫ	с/о Капал	104402	-161 153	-2 641	-163 794
ТОҚТАУОВ ДАРХАН СОВЕТХАНОВИЧ	с/о Жансугуров	104402	-159 632	-57 861	-217 493
КОЙАЙДАРОВ НАЗАР ТЫНЫБАЕВИЧ	с/о Жансугуров	104402	-159 484	-116 960	-276 444
БИГАЛИЕВ ИСМАИЛ МЕИРУЛЫ	с/о Ойтоған	104402	-148 202	-25 547	-173 749
ТӨКЕН ҚАЗЫБЕК	с/о Жансугуров	104402	-147 837	-52 773	-200 610
ЧАЛМАТАЕВ НУРСЛАН АЙТМУХАНБЕТОВИЧ	с/о Капал	104402	-143 259	-3 076	-146 335
ДОСТЫБАЕВ КАЙРАТ ТЛЕУГАБЫЛОВИЧ	с/о Жансугуров	104402	-139 198	-58 189	-197 387
КЕНЖЕХАН КҮЛСИЯ	с/о Жансугуров	104402	-133 209	-2 176	-135 385
МУСАЕВ ЖАРҚЫН ЖҰМАГЕЛЬДІҰЛЫ	с/о Кызылагаш	104402	-131 938	-62 497	-194 435
БАЙБОЛОВ ЖАКСЫЛЫК АСХАТОВИЧ	с/о Жансугуров	104402	-127 731	-14 723	-142 454
МУКАШЕВ БАУЫРЖАН СЕРИКОВИЧ	с/о Кошкентал	104402	-126 498	-73 961	-200 459
ИСАЕВ ЕРНАР ДҮЙСЕНҰЛЫ	с/о Жансугуров	104402	-125 652	-115 846	-241 498
БОСТЕКОВ ШАЛҚАР ЕСКЕЛДЫЕВИЧ	с/о Капал	104402	-120 278	-86 220	-206 498
АЙТҚАЛИ НҰР АСҚАРҰЛЫ	с/о Капал	104402	-120 039	-29 672	-149 711
МЕШЕЛОВ НУРСАТ БАҚЫТЖАНОВИЧ	с/о Кызылагаш	104402	-118 839	-47 833	-166 672
САБЫРБАЕВ АСХАТ СЕРИККАНОВИЧ	с/о Жансугуров	104402	-108 834	-21 795	-130 629
САЙЛЫБАЕВ МУРАТ КОЖАНУЛЫ	с/о Капал	104402	-105 138	-37 002	-142 140
КЕНЖЕГАРАНОВ МЫРЗАБЕК МЫРЗАГАЛИЕВИЧ	с/о Жансугуров	104402	-101 391	-53 918	-155 309
УМАРБЕКОВ МАРАТ ҚАЙРАТҰЛЫ	с/о Есеболатов	104402	-100 083	-59 521	-159 604

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ.

БЕЛСЕНДІ ШЫҒАРМАШЫЛ ЖАСТАРҒА

2025 ЖЫЛҒЫ "ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ" ГРАНТЫНА КОНКУРСТЫҚ ӨТІНІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ



Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Мемлекет басшысы тағайындаған «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын беру бойынша конкурстың басталғанын жариялайды.

Грант берудің мақсаты - белсенді шығармашыл жастар қауымдастығын қалыптастыруға бағытталған жаңа идеялар мен бастамаларды мемлекеттік қолдау.

2025 жылы республикалық деңгейде **3 млн. теңгеден 30 грант** берілетін болады.

Грантқа **14 жастан бастап 35 жасқа дейінгі** (34 жасты қоса алғанда) Қазақстан Республикасының азаматы үміткер бола алады.

Грант мынадай 6 бағыт бойынша жобаларды іске асыру үшін конкурстық негізде беріледі:

«Ғылым» – жаңа ғылыми жобаларды және зерттеулерді іске асыруға арналған;

«Мәдениет» – Қазақстанның мәдени мұрасын танымал етуге, халықтық мәдени дәстүрлер мен өнерді ілгерілетуге бағытталған жобаларды іске асыруға арналған;

«Ақпараттық технологиялар» – жаңа IT шешімдер мен жобаларды, оның ішінде жаңадан басталған стартап жобаларды іске асыруға және әзірлеуге арналған;

«Бизнес» – жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған;

«Медиа» – жаңа медиа жобаларды, оның ішінде жастар үшін танымдық, пайдалы, қызықты контент құру жөніндегі жобаларды іске асыруға арналған;

«Волонтерлік» – өзекті, әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған волонтерлік жобаларды (бастамаларды) іске асыруға арналған.

Конкурстық өтінімдерді қабылдау **2025 жылғы 16 маусымнан бастап 18 тамыз аралығында** (бұл ретте, а.ж. 18 тамыз, сағ.: 24:00-ге дейін) t.urpaktary25@gmail.com электронды поштасы арқылы жүзеге асырылады.

Анықтама телефондары: 8 (7172) 74-12-78, 8 706-618-07-23 (жұмыс күндері, сағ. 9:00-ден 18:30-ға дейін).

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізімі (мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде):

- 1 - қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурстық өтінім (PDF форматы);
 - 2 - қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаның сипаттамасы (word форматы);
 - 3) Жоба бойынша бейнематериал (60 секундтан аспайтын) немесе презентация (10 слайдтан аспайтын);
 - 4) 3 - қосымшаға сәйкес нысан бойынша шығындар сметасының жобасы (word форматы);
 - 5) Зияткерлік меншік туралы мәліметтер (бар болса, PDF форматы);
 - 6) Жеке куәлік немесе туу туралы куәліктің көшірмесі (PDF форматы).
- «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын беру қағидалары (жүктеу)

ҚР МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

● "Мектепке дейінгі шағын орталығы бар, оның ішінде Шолақөзек ауылында шағын орталығы бар Абай атындағы орта мектебі" КММ – н 2023–2024 оқу жылы бітіргендігі туралы Төкен Азамат Серікболұлына берілген аттестат №2232565 жоғалғандығы туралы хабарлаймыз.

● Абай атындағы орта мектебі" КММ – н 1998 - 1999 оқу жылы бітіргендігі туралы Садуакасова Анар Кенесхановнаның атына берілген №МОБ 029645 аттестаты жоғалғандығы туралы хабарлаймыз.

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күәлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Жетісу облысы,
Ақсу ауданы,
Жансүгіров ауылы,
Желтоқсан көшесі, №5 "В",
аудандық әкімшілік үйінде
Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2827

Директор - бас редактор
- 2-12-90,
жауапты хатшы
- 2-12-90.
Электрондық пошта:
aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты
aksuoniri.kz
Индекс: 66750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.

Газет Сарқан қаласы, Тәуелсіздік, 108, ЖШС - "Ербол - Али" баспаханасында басылады.